Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – С.250-251

ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ АДАМЗАТ ӨМІРІНДЕ МҮМКІНДІК ПЕН ШЫНДЫҚТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Раманкулов Ч.

Мүмкіндік пен шындық– материяның уақыт бойындағы қозғалысын, өмір сүруін, өзгеруін сипаттайтын философиялық категориялар. Мүмкіндік пен шындық категорияларын теориялық тұрғыдан алғаш зерттеген – Аристотель. Ол тек шындықтың ғана мүмкіндігі бар, ал шындық еместің ешқандай мүмкіндігі жоқ деген қағидаға сүйенетін философиядағы метафизикалық дәстүрге қарсы шықты. Аристотель мұндай тұжырым қандай да болсын қозғалыс пен пайда болуды жоққа шығарады деп дәлелдеді. Мүмкіндік пен шындық категорияларының қозғалыс ұғымымен байланысты екенін ашып, қозғалыс – мүмкіндіктің шындыққа айналуы деп түсіндірді. Ол шындықтың бастапқы екенін атап көрсетіп, мән жағынан алғанда шындық мүмкіндіктен бұрын болатынын және уақыт бойынша қашан да бір шындықтың алдында басқа шындықтың болғанын, яғни бір шындықтың екінші шындықты тудыруын талдап түсіндірді. И.Кант Мүмкіндік пен шындықты уақыт тұрғысынан қарап, мүмкіндік дегеніміз – өмір сүру уақыты белгісіз заттар, шындық дегеніміз – заттардың белгілі уақытта өмір сүруі, ал қажеттілік – заттардың қай уақытта болсын өмір сүре алатыны деп түсіндірді. Гегель шындық дегеніміз – мән мен құбылыстың нақтылы бірлігі деп, Мүмкіндік пен шындық категорияларына диалектикалық тұрғыдан терең мазмұнды анықтама береді. Гегель логикалық қайшылықсыздықтың бәрі мүмкін деп қарайтын формальді мүмкіндіктің метафизикалық түсінігін қатал сынға алды. Ол мүмкіндік дегеніміз – шындықтың абстрактілі кезеңі ғана, ал шындық дегеніміз – болмыс, өмір сүру, мән, мүмкіндік категорияларынан гөрі әлдеқайда мазмұнды, нақтылы дейді. Гегель шындықтың шынайы мүмкіндіктерін танып-білуі адамның парасатты іс-әрекетке белсенді кірісуінің алғышарты болады деп тапты. Шындығында шындық дегеніміз – дәл осы уақытта өмір сүріп отырған бар заттар мен құбылыстардан тұратын әлемнің бір кезеңі. Мүмкіндік – әлі болмаған, бірақ белгілі бір жағдайларда пайда болып, шындыққа айналып, өмір сүре алатын дүниенің болашағы. Шындық болмысқа, тіршілікке, мәнге, мүмкіндікке қарағанда әлдеқайда нақтылы. Ал мүмкіндік объективті түрде өмір сүріп, шындыққа ұласатын процесс. Шындық барлық жағынан алғанда іске асқан мүмкіндік, бізден тыс өмір сүретін объективті дүние, материалдық процесс. Мұндай шындық тек даму процесі арқылы қалыптасып, өсіп жетіледі. Шындық дегеніміз әуелгі кезде әрбір заттың, құбылыстың, процестің даму сатысы, кезеңі, бөлігі ғана. Ал әрбір зат, процесс басқа да заттармен, процестермен ішкі жағынан тығыз

байланысты. Олай болса, дамудың тенденциялары, мүмкіндіктері жан-жақты, мол, сансыз болып келеді. Іске асатын шындықты тудыратын мүмкіндіктер қоғам мен табиғаттың заңды және объективті дамуынан шығып, нақты болады. Даму процесінің өзі, негізінен, осыған сүйенеді. Шындықтың ең негізгі белгісі, өзіндік ерекшелігі оның қажеттілігінде, заңдылығында жатыр. Оның өміршеңдігі осы қажеттіліктің нәтижесінде ішкі объективті даму мүмкіндіктерінің әрі қарай өсіп-жетілуіне жол ашумен тығыз байланысты. Яғни, диалектика заңы бойынша шындықтың ілгері дамуы оның өз бойындағы мүмкіндіктердің пісіп-жетіліп, бірте-бірте жаңа шындыққа айнала бастауынан келіп шығады. Олай болмаған жағдайда мүмкіндік пен шындық арасында қайшылықтар пайда болып, олар әлеуметтік, саяси өзгерістерге әкеледі. Мүмкіндік пен шындық ұғымдары себептілікті толықтырып, даму барысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Кең түрде алғанда, шындыққа бүкіл өмір сүріп жатқан ғажап дүние жатады. Тар мағынада шындық деп кеңістік пен уақыттың шеңберінде өзінің мән-мағынасына толы нақтылы өмір сүретін жеке объектіні айтамыз. Ал мүмкіндікке келер болсақ, ол - заттың бүгінгі болашағы, оның өзгеруі мен дамуының көрініс табатын кейбір нышандары, алғышарттары. Бұл категорияларды алғашқы философияға енгізген Аристотель болатын (dynamis - грек сөзі, мүмкіндік, energeia - шындық; латынша: actus - шындық, potentia - мүмкіндік). Оның ойынша, қозғалыс пен даму дегеніміз - мүмкіндіктің шындыққа айналуы: ұрық - болашақ адамның мүмкіндігі, жерде жатқан мәрмәр тас -Венера мүсінінің мүмкіндігі, тастың шындығы, кірпіш - саздың шындығы, үйдің мүмкіндігі т.с.с. Аристотельдің ойынша, материя -таза мүмкіндік қана. Оны шындыққа айналдыратын эйдос, форма ғана. Кейбір кезде ол энтелехия ұғымын пайдаланады. Ортағасырлық философияда Аристотельдің кіргізген осы ұғымдары оның негізгі категорияларына айналады. Жаңа дәуірдегі көп ойшылдар шындықтағы себептілікті зерттеуге көп көңіл бөліп, мүмкіндікті теріске шығарып, я болмаса оны кездейсоқтықпен теңеді. Ал Кантқа келер болсақ, ол оларды тек қана ойға берілген априорлық модальдық категориялар ретінде түсінді. Жалпы алғанда мүмкіндік пен шындықты абсолюттік идеяның өз-өзін танудағы белгілі бір сатысындағы туындылары деп түсінді. Осы тұрғыдан алғанда, мүмкіндік - шындықтың абстрактылық сәті ғана, ал соңғы мән-мағына мен өмір сүрудің, ішкі мен сыртқының бірлігі - нақтылы болмыс.

Ғылыми жетекші: С.К Рақымжанова